

● Барекелә!

Студенттердің шәкіртакысын бірінші болып ОҚМУ көтерді

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан қаласында Жастар жылының жабылуына орай еткен салтанатты жылда 2020 жылдың қаңтар айынан бакалавриат, магистратура және докторантурада оқитын жалпы саны 133 мың студенттің шәкіртакысы 25 пайызға көбейетінін айтқан болатын. Президент тапсырмасына сәйкес М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері осынау қуанышты жаңалықтың шарапатын көре бастады.

 **Дилара БИМЕНОВА,**
«Оңтүстік Қазақстан».

Оку орнының қаржылық және экономикалық әлеуетін үнемдей отырыш, Мемлекет басшысының студенттердің шәкіртакысын өсіру жөніндегі тапсырмасын еліміздегі жоғары оку орындарының арасында алғашқылардың бірі болып іске асырып отырымыз. Бұл – біз үшін үлкен жетістік.

Студенттердің әлеуметтік жағдайы жақсы болғандағанда білім сапасының жоғарылайтыны түсінікті. Сондықтан бірінші кезекте осы мәселеге баса мән берудеміз. Грант негізінде оқитын студенттерге түгелдей жоғарылатылған шәкіртакы аударылды. Айта кете-йік, қазіргі таңда университетімізде жастардың біліміне және олардың диплом алғаннан кейін жұмыспен қамтылуына ерекше дең қойылған. Жақында ашылған өндірістік базамыз да студенттеріміздің теория мен тәжірибесін ұштастыруына өз үлесін қосады деп сенеміз, – дейді аталмыш оку орнының ректоры Дария Қожамжарова.

Жалпы, ОҚМУ-да оқитын 28 мың жастың 17 мыны осы женілдікке ие болуда. Толығырақ тоқтала кетсек, 2020 жылдан бастап бакалавриатта оқитын студенттер – 26 186, магистратурада оқитын студенттер – 66 913, ал, докторантурада оқитын студенттер 102 498 теңге көлемінде шәкіртакы ала бастады.